

Жосалы кентінің бірқатар көшелерінің атауын өзгерту және бұрын атау берілмеген көшеге ат беру туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті әкімінің 2010 жылғы 06 тамыздағы N 133 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 11 тамызда N 10-5-140 тіркелді

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заңдарына және Қармақшы ауданы әкімдігі жанындағы аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 13 шілдедегі Ұйғарымы және N 1 х а т т а м а с ы н а с ә й к е с **ШЕШЕМІН:**

1. Жосалы кентіндегі атаулары өзгеріссіз қалған Қазан көшесі - Қонысбек Қазантаев , Привокзальная көшесі - Ерназар Сексенбаев, Жеңістің 35 жылдығы көшесі - Боқанбай Медешов, Жеңістің 45 жылдығы көшесі - Нұржігіт Нақыпов атындағы көше болып және бұрын атауы берілмеген Жосалы кенті Мөлтек - 1 ықшам ауданындағы Жосалы - Жалағаш автожолы бойына қатар орналасқан N I көшесі Смағұл Ысқақов атындағы к ө ш е б о л ы п ө з г е р т і л с і н .

2. Шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Жосалы кентінің әкімі

Ә. Шоқбаров